




АҚСЕЛЕУДІҢ АСЫ

**Әсілі, «Сыбырлағанды
Құдай естімейді деп пе едің?»
деген нақыл сөздің астарында
ашы ақиқат жатқан сияқты.
Осыдан үш жыл бұрын бір
басылымға сұхбат бергенде
ақиық Ақселеу ағамыз «Енді
бұдан былай кітап жазбай-
мын. Шаршадым. 70 жылдық
мерейтойыма әзірленем» деп
еді. Періштелер жеткізген
болуы керек, көп ұзамай
аяулы ағамыздан
айырылдық...**


Қазақ тарихында ерекше еңбектерімен, есімі алтын әріптермен жазылған Ақселеу Сейдімбектің 60 жылдық тойын сол кездегі Қарағанды облысы басшыларының атап өтуден бас тартқаны жерлестерінің есінен шыққан жоқ. «Амандық болса, Ахаң 70 жылдығын республикалық деңгейде жақсылап атап өтер» деген сенімде еді қарағандылықтар. Амал не...

Алғашқы кезде Ахаң туып-өскен Жаңаарқа ауданы басшылары жазушы ағамыздың 70 жылдығын бірнеше жерлес жазушы-ғалымдармен біріктіріп өткізбекші болыпты. Айтқан уәждері «Дағдарыс кезі. Қаржы тапшы» дегенге саяды. Бұл қате саясат екендігін кім ескерткендігін білмедік. Бірақ, сол бір азаматқа көп рахмет. Өйткені, Ақселеу Сейдімбек тек Қарағандының ғана емес, күллі қазақтың маңдайына біткен сөнбес жұлдыздарының бірі.

Сонымен өткен жұмада Қарағанды-Қызылорда тасжолы бойындағы Бәйгітөбеде (Ахаң жатқан төбенің етегі - ред.) киіз үйлер қаз қатар тігіліп, ұлан-асыр ас берілді. Жиналған жұрттың санын есептеу мүмкін емес. Халықтың Ахаңа деген сағыныш сезімі арнасынан тасып жататын дарияны көз алдымызға елестетті. Бағдарлама бойынша алдымен аудан орталығы Атасу кентінің Мәдениет сарайында Ақселеу Сейдімбектің шығармашылық қызметіне арналған ғылыми-практикалық конференция өткізіліп, түс әлетінде ас берілді. Содан соң бәйге, күрес, түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Әр-әр жерлерде Ахаңның әндері шырқалып, Жаңаарқаның күміс көмей әншілері өнерсүйер жұрттың құлағының құрышын қандырды.

«Шүкір, - деді бізге Ахаңның інісі, белгілі азамат Асылхан, - Ағамыздың артында қалған ұрпағы бар. Туыстары бірігіп астың салмағын көтердік. Аламан бәйгенің бірінші орнына «Дайва-Некси», түйе палуанға «Жигули» автомашиналарын тіктік. Алдағы уақытта да 70 жылдығын тойлауды армандап кеткен ағамыздың есімін ұлықтау жөніндегі іс-шараларды жалғастыратын боламыз».

Асқа Алматы мен Астанада, Қарағандыдан акын-жазушылар мен ғалымдар, республиканың көптеген облыстарынан Ахаңмен араласқан жора-жолдастары көп жиналды. Әлгінде Ахаңның 60 жылдық мерейтойы туған жерінде аталып өтпегендігін еске алдық қой. Оның есесіне Мемлекет Басшысы өз қолымен хат жолдап, құттықтауды ұмытпады.



- Біз бір-бірімізді сонау жас кезімізде, онда да бірнеше рет қана көрдік қой, - деп кейін есіне алды жазушы ағамыз, - Нұрекең туралы ол кезде бірде шағын, енді бірінде газеттің толық беті көлемінде небәрі екі материал жазғаным бар еді. Өзімше Нұрсұлтан Әбішұлымен өмірде қанша журналист сұхбаттаспады дейсің, ол соның қайсыбірін есінде сақтасын деп ойлаушы едім. Сөйтсем, есінде сақтап қана қоймай, сырттай азды-көпті атқарған еңбегіме назарын сала жүріпті-ау.

Елбасымыз Аханды құрметтеудің үлісін көрсеткен екен-ау. Қандай жарасымдылық?! Жаңаарқадағы ас-мереке жақсы ұйымдастырылғанымен, Ақселеу ағаның ерекше тұлғасы көрінбей, тарихи орны үңірейіп тұрғандығын несіне жасыралық.

Айтбай СӨУЛЕБЕКТЕГІ.
Қарағанды облысы.